



## **Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесін және біріздендірілген инвестициялық стандартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 18 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 қаңтарда № 31722 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже 15-тармағының 226) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

### **1. Мыналар:**

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Біріздендірілген инвестициялық стандарт бекітілсін.

### **2. Инвестициялық саясат департаменті:**

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының жетекшілік ететін Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі*

*А. Куантыров*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

## **Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 226) тармақшасына сәйкес әзірленді және өңірлердің инвестициялық тартымдылығы рейтингін айқындауға арналған.

2. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) анкеталық сауалнама – инвестициялық тартымдылық рейтингін бағалау кезінде кәсіпкерлерге қатысты жүргізілетін сауалнама;

2) "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторды сүйемелдеу – инвестицияларды тарту саласындағы ұлттық компания және оның өңірлік өкілдері мен өкілдіктері, инвестицияларды тарту саласындағы өңірлік ұйымдар тарапынан инвесторға ақпараттық, консультациялық, ұйымдастырушылық жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар кешені;

3) инвесторлар үшін "бір терезе" қағидаты – инвесторлардың құжаттарды жинау мен дайындауға қатысуын барынша азайтуды және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын шектеуді көздейтін, инвесторлардың ұлттық компания және оның өңірлік өкілдері мен өкілдіктері, өңірлік ұйымдары тарапынан мемлекеттік, сондай-ақ өзге ұйымдар көрсететін басқа да қызметтерді алуына көмек көрсетудің орталықтандырылған нысаны;

4) рейтинг – жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмыс жүргізу нәтижелері бойынша қалыптастырылған өңірлердің және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың рейтингі.

3. Рейтингтің мақсаты өңірлерде инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жағдайлар жасау және жоспарларды орындау жөніндегі қолданыстағы шаралардың тиімділігін бағалау болып табылады. Рейтингтің міндеті инвесторлармен жұмыс істеу бойынша үздік практикаларды анықтау, ел өңірлеріне инвестициялар тарту жөніндегі шараларды жақсарту үшін ынталандырулар жасау болып табылады.

4. Рейтинг жүргізу үшін кәсіпкерлерге анкеталық сауалнама жүргізіледі (әрбір өңірлерде және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада кемінде 15 (он бес) кәсіпкер болады).

Анкеталық сауалнама өңірлердегі, қаржы институттарының "бір терезе" қағидаты қызметін бағалауға, инфрақұрылымның сапасы мен қолжетімділігіне, бизнеске

әкімшілік қысым деңгейіне және өңірлерде көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары деңгейіне бағытталады.

## 2-тарау. Өңірлердің инвестициялық тартымдылығы рейтингін айқындау

5. Рейтинг әдіснамасы мынадай 9 (тоғыз) бағытты қамтиды:

- 1) өндірістік қордың өсу қарқыны;
- 2) шағын және орта кәсіпкерліктің өсу қарқыны;
- 3) инвестицияның өсу қарқыны;
- 4) қаржы институттары;
- 5) нысаналы индикаторларды орындау;
- 6) "бір терезе" қағидаты бойынша қызметті жүзеге асыруды бағалау;
- 7) инфрақұрылымның сапасы мен қолжетімділігі;
- 8) бизнеске әкімшілік қысым;
- 9) мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары.

6. Әрбір бағыт бойынша өңірдің қорытынды нәтижесіне әсер ететін коэффициенттер қойылады.

7. Рейтинг "қатты" және "жұмсақ" деректер негізінде қалыптастырылады. "Қатты" деректер деп статистикалық және ведомстволық деректер түсініледі. "Жұмсақ" деректер деп кәсіпкерлерге анкеталық сауалнама жүргізу және сараптамалық бағалау арқылы далалық зерттеулердің нәтижелері түсініледі.

8. Өңірдің инвестициялық тартымдылығы рейтингісінің қорытынды формуласы:

$R = \text{Салмақ}_1 \times F_1 + \text{Салмақ}_2 \times F_2 + \text{Салмақ}_3 \times F_3 + \text{Салмақ}_4 \times F_4 + \text{Салмақ}_5 \times F_5 + \text{Салмақ}_6 \times F_6 + \text{Салмақ}_7 \times F_7 + \text{Салмақ}_8 \times F_8 + \text{Салмақ}_9 \times F_9$ , мұндағы:

R – өңірдің инвестициялық тартымдылығы рейтингісінің қорытынды мәні;

F1 – өндірістік қордың өсу қарқыны;

F2 – шағын және орта кәсіпкерліктің өсу қарқыны;

F3 – инвестицияның өсу қарқыны;

F4 – қаржы институттары;

F5 – нысаналы индикаторларды орындау;

F6 – "бір терезе" қағидаты қызметін бағалау;

F7 – инфрақұрылымның сапасы мен қолжетімділігі;

F8 – бизнеске әкімшілік қысым;

F9 – мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары.

Әрбір бағыттың маңыздылығы ескеріле отырып, қорытынды мәнде салмақ белгіленді, ол мынадай мәндерді сипаттайды: Салмақ1 – 15%; Салмақ2 – 10%; Салмақ3 – 45%; Салмақ4 – 5%; Салмақ5 – 10%; Салмақ6 – 2,5%; Салмақ7 – 5%; Салмақ8 – 5%; Салмақ9 – 2,5%.

9. F1 бағыты – "Өндірістік қордың өсу қарқыны" мынадай 2 (екі) фактордан тұрады:

- 1) өңірдің жалпы өңірлік өнімінің нақты көлем индексі;

2) өңір экспортының өсу қарқыны.

10. Көрсеткіштер бойынша өлшем бірлігін бірыңғай жүйеге келтіру мақсатында алдын ала әрбір көрсеткіш бойынша өңірлер бойынша саралау және алынған мәндердің ең жақсы көрсеткішпен арақатынасын салыстыру жүзеге асырылады (мұнда 1 (бір) балл – ең нашар көрсеткіш, 20 (жиырма) балл – ең жақсы көрсеткіш).

11. F2 бағыты – "Шағын және орта кәсіпкерліктің өсу қарқыны" мынадай факторлардан тұрады:

1) өңірлерде шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының өсу қарқыны;

2) өңірде жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының өсу қарқыны.

12. F3 бағыты – "Инвестицияның өсу қарқыны" мынадай факторлардан тұрады:

1) негізгі капиталға салынатын инвестициялардың өсу қарқыны;

2) тікелей шетелдік инвестициялардың өсу қарқыны.

13. F4 бағыты – "Қаржы институттары" мынадай факторлардан тұрады:

1) қаржы қаражатының қолжетімділігі;

2) әртүрлі қаржыландыру институттарының болуы туралы хабардар болу;

3) қаржы институттарының қызметіне қанағаттану.

14. F5 бағыты – "Нысаналы индикаторларды орындау" негізгі капиталға инвестициялар тарту бойынша нысаналы индикаторлардың орындалу дәрежесі факторынан тұрады.

15. F6 бағыты – "Бір терезе" қағидатының қызметін бағалау" консультациялық көрсетілетін қызметтерді алуға қанағаттану факторынан тұрады.

16. F7 бағыты – "Инфрақұрылымның сапасы мен қолжетімділігі" мынадай факторлардан тұрады:

1) кәсіпкерлердің инвестициялық инфрақұрылым объектілеріне қанағаттанушылығы;

2) кәсіпкерлердің жол желісінің сапасына қанағаттануы;

3) кәсіпкерлердің телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануы;

4) жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында өңірде қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамаыз ету жөніндегі ақпаратпен толықтыру сапасы.

17. F8 бағыты – "Бизнеске әкімшілік қысым" мынадай факторлардан тұрады:

1) меншікті оңай тіркеу;

2) фирмаға бір жылда сұратылған қосымша құжаттардың орташа саны;

3) сыбайлас жемқорлыққа тап болу жағдайлары.

18. F9 бағыты – "Мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары" мемлекеттік қолдау шараларына қанағаттану факторынан тұрады.

19. Соңғы 24 (жиырма төрт) айда мемлекеттік көрсетілетін қызмет алған кәсіпкерлердің сауалнамалық пікіртерімі осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Өңірлердің инвестициялық  
тартымдылығын бағалау  
әдістемесіне  
қосымша

Нысан

### Соңғы 24 айда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алған кәсіпкерлердің сауалнамалық пікіртерімі

1-блок. Сауалнама жүргізілетін кәсіпорындар бойынша жалпы деректер

1. Сіз мүддесін білдіріп отырған кәсіпорын атауын көрсетіңіз:

2. Қазақстан Республикасының қай өңірінде кәсіпкерлік (инвестициялық) қызметті жүзеге асыратыныңызды белгілеңіз: \_\_\_\_\_

3. Сіздің компанияңыздағы қызметкер саны: \_\_\_\_\_

4. Сіздің қызметіңіз қай салаға жатады: \_\_\_\_\_

5. Сіз қандай да бір жобаға инвестиция салдыңыз ба, не өз кәсіпорныңыздың негізгі қорларын жаңарттыңыз ба, не соңғы 3 жылда өз өңіріңіздің аумағында кәсіпорныңыз

көбейді ме: \_\_\_\_\_

2-блок. Кәсіпкерге сауалнама жүргізу:

1. Жаңа жобаны іске қосқан кезде Сіздің өңіріңіздегі электр желілеріне оңай қосылуды

бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

2. Сіздің өңіріңізде бизнес жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүліктің (құрылыстар

мен жер учаскелерінің) қолжетімділігін бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

3. Өңір ұсынатын жалдамалы аудандарды алу жылдамдығын бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

4. Жаңа жобаны іске қосу, негізгі қорларды жаңарту немесе кеңейту үшін Сіздің өңіріңіздегі қаржы қаражатының қолжетімділігін бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай

мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

--	--	--	--	--	--	--	--	--

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

5. Сіздің өңіріңіздегі қаржы институттарының қызметін бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

6. "Бір терезе" қағидатының қызметін бағалау, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

7. Сіздің өңіріңізде инвестициялар тарту жөніндегі ұйымдардың қызметін бағалаңыз

(мұндай ұйымдарға "Kazakh Invest" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының өңірлік өкілдіктері, инвестицияларды тарту саласындағы өңірлік ұйымдар жатады), мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

8. Өңірдегі инвестициялық инфрақұрылым объектілеріне (еркін экономикалық аймақтар,

индустриялық аймақтар, технологиялық және өнеркәсіптік парктар, алаңдар)

қанағаттанушылық, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

9. Сіздің өңіріңіздегі жол желілерінің сапасын бағалаңыз, мұнда 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---

10. Сіздің өңіріңіздегі телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалаңыз,

мұнда 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---

11. Өз өңіріңіздегі инвестициялық қызмет туралы интернет-ресурстың сапасын бағалаңыз,

мұнда 0 – мұндай интернет-ресурстың бар екенін білмеймін, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

12. Өңірде мүлікті тіркеу жеңілдігін бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай мәселе кездеспеді,

1 – жаман, 7 – өте жақсы.

	0	1	2	3	4	5	6	7
--	---	---	---	---	---	---	---	---

13. Өңірдегі бизнесті мемлекеттік қолдау деңгейін бағалаңыз, мұнда 0 – маған мұндай

мәселе кездеспеді, 1 – жаман, 7 – өте жақсы.

--	--	--	--	--	--	--	--	--

0	1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---	---

14. Сіздің бизнесіңіз жылына қанша рет әкімшілік қысым көрсету шараларына ( тексерулер, әкімшілік тергеп тексерулер міндетті түрде ұсынуға жатпайтын құжаттарға сұрау салулар) тап болады

15. Ағымдағы \_\_\_\_\_ жылы билік органдары немесе табиғи монополиялар тарапынан сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келдіңіз бе

16. Сіздің өңіріңізде бизнес немесе инвестициялық қызмет жүргізу кезінде сізді қандай проблемалар көбірек мазалайды \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрінің  
 2023 жылғы 18 қаңтардағы  
 № 5 Бұйрыққа  
 2-қосымша

### Біріздендірілген инвестициялық стандарт

№	Стандарттың ережесі	Стандарттың талаптары	Ескертпе
1-БЛОК: Қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар			
1.	Өңірде инвестициялық объектілер мен инфрақұрылым объектілерін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) қалыптастыру және жыл сайын жаңарту	Жоспарды бекіту рәсімі бекітусіз қолданыстағы құжаттар негізінде қалыптастырылады немесе нормативтік құқықтық актімен бекітіледі; ұсынылған инфрақұрылым объектілері туралы ақпараттың толықтығы Жоспарды бизнес-жоспарлауда	Толық Жоспарды ұсыну объектілерді инфрақұрылым түрлері бойынша топтастыруды қамтиды: міндеттер мен іс-шараларды олар қол жеткізуге ықпал ететін стратегия мақсаттарына байланыстыру; іс-шараның мәні және күтілетін нәтиже; іс-шараларды іске асырудың жоспар-кестесі ; қажетті ресурстар; қаржыландыру құрылымын көрсете отырып, іс-шараны іске

		пайдалануға мүмкіндік береді	асыру құнын бағалау ( республикалық/ жергілікті бюджет); іс-шараларды іске асыруға жауапты тұлғаларды көрсете отырып, жобалар бойынша қысқаша ақпарат
2.	Жоспарды іске асыру нәтижелері бойынша жыл сайынғы есепті ұсыну	1. Өңір басшысы жыл сайын инвестиция бойынша облыстық мәслихатқа өңірдегі инвестициялық ахуал туралы есеп дайындайды. 2. Жыл сайынғы есепте: Жоспардың іске асыру нәтижелері; өңірдің инвестициялық саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары; инвестицияларды тарту және өңірде бизнес жүргізу жағдайларын жақсарту мақсатында келесі жылы іске асырылуы қажет негізгі шаралар; стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін өзектендірілген іс-шаралар; өңірлердің инвестициялық қызметтің негізгі көрсеткіштері көрсетіледі	
2-БЛОК: Кәсіпкерлік және инвестициялық қызмет үшін жағдай жасау			
	Іске асырылатын жобаларды операциялық қолдауға негізделетін өңірлік инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) болуы. 1. Кеңес жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) жанындағы консультативтік –кеңесші орган болып табылады.		Кеңестің құрамы: ЖАО өкілдерінен, инвесторлардың, кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері мен сарапшыларынан тұрады. Облыс әкімі – Кеңес төрағасы. Кеңес мынадай ұсыныстарды әзірлейді: мемлекеттік органның және инвестициялық процеске қатысатын тұлғалардың өзара



<p>3.</p>	<p>2. Кеңес қызметінің мақсаты өңірдің экономикасын дамыту басымдықтарына жауап беретін өңірдің бірыңғай инвестициялық саясатын іске асыру, отандық және шетелдік инвестицияларды тартуға және тиімді пайдалануға жәрдемдесу болып табылады.</p> <p>3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.</p> <p>4. ЖАО Кеңестің жұмыс органы болып табылады.</p> <p>5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі</p>	<p>1. Кеңес: инвестициялық ахуалды жақсартуға байланысты жалпы жүйелік мәселелерге; нақты инвестициялық жобаларды сүйемелдеуге; инвесторлар ұшырап қалуы мүмкін проблемаларды шешуге баса назар аударады;</p> <p>2. Кеңес шеңберінде Жекелеген, оның ішінде салалық мәселелерді шешуге арналған топтар құруға болады.</p>	<p>іс-қимылын ұйымдастыру; әкімшілік кедергілерді азайту (рұқсат құжаттамасын беру мерзімдерін қысқарту және рәсімін оңайлату); өңірді дамытудың басым бағыттарын айқындау; Жоспарды түзету бойынша ұсыныстарды қарау; өңірдің инвестициялық белсенділігін ынталандыру; инвестициялық объектілерді және өңірдің қажетті көліктік, энергетикалық, әлеуметтік және басқа да инфрақұрылым объектілерін құру жоспарының жобасын мақұлдау; дәрменсіз және сәтсіз жобаларды қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижелерін қарау</p>
		<p>1. Өңірде инвестициялар тарту және инвесторлармен жұмыс жөніндегі өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ-ның өкілдері тұрақты негізде жұмыс істейді.</p> <p>2. Өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ-ның өкілдері: ЖАО-мен өзара іс-қимыл кезінде инвесторлар үшін "бір терезе" қағидат</p>	<p>Өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ-ның өкілдері жүзеге асырады: мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуда консультация беру және қолдау көрсету; ықтимал субсидиялар мен мемлекеттік қолдау алуда қолдау көрсету; Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен инвестициялық келісімшартқа қол қоюға жәрдем көрсету; экономика салалары және заңнама бойынша ақпараттық және талдамалық материалдар дайындау;</p>

4.

Инвестициялар тарту және инвесторлармен жұмыс бойынша "Kazakh Invest" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының өңірлік өкілдерін (бұдан әрі – "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ), инвестицияларды тарту саласындағы өңірлік ұйымдарын (бұдан әрі – өңірлік ұйымдар) жандандыру

бойынша қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ету;  
"толық аяқталған" нақты инвестициялық жобаларды қолдау және іске асыру бойынша жобалық командаларды құруға жәрдемдесу;  
Қазақстан Республикасында және шетелде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері мен жобаларын ілгерілету (оның ішінде конференциялар, көрмелер, форумдар арқылы);  
өңір аумағында инвестицияларды қаржыландыру және қолдау бойынша инвестициялық және венчурлік қорлардың, банктердің, шетелдік инвестициялық агенттіктердің, мамандандырылған қаржы ұйымдарының, халықаралық даму институттарының әлеуеті мен мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында олармен өзара іс-қимыл жасасу;  
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларында өңірдің мүдделерін білдіру.  
3. Өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ өкілдері үшін оның жұмысы мен қызметкерлер жұмысының тиімділік көрсеткіштері белгіленуге тиіс

барлық деңгейдегі мемлекеттік органдармен кездесулер;  
инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру үшін әріптестерді іздеу (резидент еместерді қоса алғанда);  
еркін экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушысы ретінде тіркеуді сүйемелдеу;  
қорландыру көздерін іздестіруде қолдау көрсету;  
жер учаскесін іздеу және іріктеу;  
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды мониторингтеу және олардың инвестициялық қызметі барысында туындайтын проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу.  
Сонымен қатар қызметтің тиімділігін бағалау үшін өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ өкілдері үшін де, қызметкерлер үшін де жұмыс тиімділігінің көрсеткіштерін белгілеу қажет. Мысалы, тиімділік көрсеткіштері тартылған инвестициялардың көлемі, құрылған жоғары өнімді жұмыс орындарының саны болуы мүмкін.  
Ұйым тиімділігінің көрсеткіші ретінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын және өңірлік ұйымдарының, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ өкілдерінің брендін танымалдығын арттыруға бағытталған жыл сайынғы ақпараттық жобалар мен халықаралық кездесулер өткізу қажет.

			Өңірлік ұйымдарының, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ өкілдерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу Кеңестің бақылауында болуға тиіс
5.	Инвесторлардың объектілерін орналастыру үшін инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету (өнеркәсіптік, технологиялық парктер)	Өңірде мынадай типтердің бірінің объектілеріне қолжетімділік қамтамасыз етіледі: өнеркәсіптік алаң (қажетті көліктік, энергетикалық, инженерлік және өзге инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік қуаттарды орналастыруға арналған); өнеркәсіп паркі; технологиялық парк; бизнес-инкубатор; кластерлік даму орталығы (ұжымдық пайдалану орталығы, прототиптеу орталығы)	Инвесторларды қолдау инфрақұрылымы инвесторларға өз бизнесін қолдау қызметтерін алу және инновациялық қызмет үшін қолайлы жағдай жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Объектілер инвестициялар тартуға арналған алаң ретінде пайдаланылуға тиіс
6.	Инвестициялық стратегияға және инвесторлардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін мамандықтар бойынша кәсіптік даярлау және қайта	1. Инвесторлардың қажеттіліктерін зерделеуге (оның ішінде сауалнамалар) және өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына негізделген түрлі бағыттағы мамандарға өңірлік еңбек нарығының кемінде 5 (бес) жыл мерзімге қажеттіліктері болжамының (бұдан әрі – Болжам) болуы. 2. Регламент Болжам сарапшылармен, өңірлік кәсіпкерлер палаталары, қоғамдық институттар мен ұйымдар өкілдерімен	Өңірлік еңбек нарығы қажеттіліктерінің Болжамын ЖАО еңбек нарығының ақпараты және өңірде (әсіресе өңірдің басым салаларында) жұмыс істейтін кәсіпорындардың сұрау салулары негізінде әзірлеуге тиіс. Нарық қажеттіліктерін қамтамасыз етудің тиімділігі үшін өңірдің инвестициялық стратегиясына және инвесторлардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін мамандықтар бойынша білім алушылар мен жастардың, сондай-ақ даярлау және қайта даярлау курстарынан өткісі келетін жұмыссыздардың кәсіби өзін-өзі айқындауын сүйемелдеу

<p>даярлау тетіктерінің болуы</p>	<p>, ЖАО бейінді қызметкерлерімен бірлесіп әзірленетінін көздейді.</p> <p>3. Өңірдің білім беру мекемелерінде жаңа өндірістердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім беру бағдарламаларының болуы</p>	<p>жөніндегі ЖАО интернет-ресурсын толтыру мәселені қарау орынды.</p> <p>Ж А О интернет-ресурстарында өңірдің еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер туралы, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелері туралы ақпарат және саланың ж е т е к ш і кәсіпорындарындағы жұмыс орындарының сипаттамасы, виртуалды экскурсиялар, орта кәсіптік білім беретін білім беру мекемелеріне қабылдау тәртібі орналастырылады</p>
-----------------------------------	--	--

3-БЛОК: Инвесторларға кепілдіктерді қамтамасыз ету

<p>7.</p> <p>Инвестициялар тарту және инвесторлармен жұмыс істеу жөніндегі ұйымдарды оқыту, құзыреттілігін арттыру және бағалау жүйесінің болуы</p>	<p>1. Инвестициялар тарту және инвесторлармен жұмыс істеу жөніндегі өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ өкілдерінің қызметкерлері үшін білімге, дағдыларға, құндылықтарға қойылатын талаптарды айқындайтын құзыреттер модельдерін құру.</p> <p>2. Инвестициялық процеске қатысатын өңірлік ұйымдар, "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ өкілдерінің қызметкерлері үшін тиімділік көрсеткіштерін бағалау өлшемшарттарын белгілеу және оларды құзыреттер моделімен байланыстыру</p>	<p>Құзыреттер моделі өңірдің инвестициялық дамуын жоспарлау және ынталандыру саласындағы инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және мониторингтеу саласындағы, сондай-ақ іскерлік қарым-қатынас саласындағы кәсіби құзыретті қамтиды.</p> <p>Бұдан басқа, құзыреттер моделі лауазымдық міндеттер бөлінісінде қызметкердің қызмет бейінін ескеретін құзыреттердің болуын болжайды.</p> <p>Құзыреттер моделі жоғарыда аталғандардан басқа, лауазымдық регламенттер негізінде әзірленген тиімділікті бағалау өлшемшарттарын қамтиды.</p> <p>Құзыреттер моделі ЖАО мен "Kazakh Invest" ҰҚ" АҚ, өңірлік ұйымдардың қатысуымен бірлесіп әзірленеді</p>
---	--	---

8.	Мәселелерді жедел шешу үшін инвесторлардың ЖАО-мен тікелей байланыс арналарының болуы	<p>1. Инвестициялық қызмет процесінде туындайтын проблемалар мен мәселелерді жедел шешу үшін инвесторлардың ЖАО-мен тікелей байланыс арнасы ( арналары ) ұйымдастырылуға тиіс.</p> <p>2. Тікелей байланыс арнасы мынадай талаптарға сай болуға тиіс:</p> <p>кәсіпкерлік және инвестициялық қызмет субъектілерінің мемлекеттік қызметшілердің тиісті деңгейдегі мәселелерді шешуіне тең қол жеткізуі ;</p> <p>белгілеген мәселелер мен проблемаларды қарау нәтижелері мен мерзімдерін бақылау.</p> <p>3. Мыналар, атап айтқанда:</p> <p>кәсіпкерлік және инвестициялық қызмет субъектілері үшін қолжетімді осы салада уәкілетті ЖАО басшыларының ұялы телефондары;</p> <p>ЖАО басшыларының әлеуметтік желілердегі ресми блогтары;</p> <p>Ж А О - н ы ң интернет-ресурсы арқылы жұмыс істейтін қауырт желі – тікелей байланыс арналары бола алады</p>	<p>Тікелей байланыс арнасы :</p> <p>әртүрлі ЖАО-нан бірнеше уәкілетті адамның мәселені шешуге қатысу үшін пайдаланылады.</p> <p>Сонымен қатар инвестициялау мәселелері бойынша онлайн режимде консультация беруді ұйымдастыру мүмкіндігін қарауға болады</p>
----	---	---	--